

Ғ. Қ. ХАСАНОВ

## ТЕҢЕУЛЕРДЕГІ СИНТАГМАТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАС КӨРІНІСІ

Сөз мағынасы терең де сырлы әлем іспетті құрылымнан тұрғанымен, мән-мәтін жағдайында өзара тіркесімділікке ұшырап, адам танымының куәсіндей үлгі құрайды. Адам факторы, антропоцентристік көзқарас, негіз сөз семантикасының өзгеріс құраудағы сүйенетін тірегі болады. Мағыналардың үйлесімділігі адам таным деңгейінің прагматикалық ерекшелігіне қатысты болғандықтан таным қоршаған шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар арасынан үйлесімділікті іздейді. Сол себепті лексика-семантикалық синтагматика танымнан туған үйлесімділіктің қаңқасынан құрылып, контексте беку, тұрақталуға көшеді. Бұл, бір жағынан, сөйлеудегі үйлесімділікке алып келеді, ал сөйлеудегі сөз мағыналарының актуалдана үйлесуі, сөз мағыналарының ішіндегі бір макробөліктің өзгеріп, алдыңғы қатарға шығып, мәндік байланыс құрауы. В.Г. Гак «Грамматикалық сияқты, семантикалық үйлесімділік те сөйлеуді құрудың формалды құралы» деуі осы үйлесімділікке байланысты [Гак, 1971, 38]. Ал А.М. Злобин сөз таптарының бір мағыналық, танымдық аяда үйлесе жүйе құрауын когнитивті лексика мәселесіне қатысты дей келіп былай дейді: «В связи с необходимостью структурирования информации, получаемой человеком, систематизация лексики приобретает важное значение для изучения лексических закономерностей больших массивов слов и особую значимость для контрастного анализа языков. Для этой цели представляется целесообразным применение постулата о фреймовой организации определенного участка лексической системы, что служит предварительным этапом создания определенной базы для сопоставительного изучения лексико-семантических группировок слов» [Злобин, 1995, 187]. Салғастырудан көрінгенімен когнитивті лингвистикада қаралып жүрген концепт, оның құрамдас бөлігі – фреймнің қайталану жиі тезаурус құрауында бір бөлек мәселе боп лексика-семантикалық үйлесімділік жатыр. Когнитивті лингвистикадан бөлек таратып кейбір зерттеушілер когнитивті семасиология бағытын ұсынады. Ондағы басты бірлік лексикалық концепт болып табылады және білімдердің құрылымдық түсінігі ретінде қарастырылады (Қараңы : А.П. Бабушкин. «Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка». Воронеж, 1996).

Біздің ойымызша, лексикалық концептілердің

құрылымынан бастау алып, танымның құрылымдық үлгісін тілден нақты лексикалық мағынаның семалық үйлесімділігіне сүйенген сөз топтары кездеседі. Олар – теңеулер, олардың құрылымындағы мағыналық үйлесімділіктің бір-бірімен байланыстылығы. Теңеулер когнитивті лингвистикада концептілік құрылымда көрініп, концептінің құрамдас бөлігі болады. Концепто-сфера жеке тілдік тұлғаның өзіндік ерекшелікке толы сөздер жүйесін құрайды. Танымның өзгеріске бейімділігі сияқты тілдегі концептілерде тұрақты түрде өмір сүріп келе жатқанымен заман ағымына қарай оның да құрамына өзгерістер енеді. Мағынадағы танымдық өзгерістен мағынаның тіркесімділігінің бір жүйеге түсуін когнитивті семасиология аясында қараған дұрыс. Когнитивті семасиологияда концептілерді лексикалық концептілер тұрғысынан зерттейді. Лексикалық концептілер когнитивті лингвистиканың қарастыратын концептілерінің кішкентай жүйеге түскен түрі, яғни «тағдыр» концептісін сценарий, фрейм, ой-сурет, схемаларға бөлсек, ондағы «тағдыр» сөзімен мағыналық байланысқа түскен сөздер лексикалық концепт құрайды. Лексикалық концептілер бұрын халқымыздың танымдық үлгісінде болмаған сөздерден, мәселен, теңеулерден ерекше, өзгеше түрде көрінеді. Бұған мысалға Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы «соғыс» концептісін беретін теңеулерді алдық. Бұл теңеулерде бұрын халқымызда болмаған техникалық соғыс танымын білдіретін сөздер үйлесімділікке ұшырайды. Алайда, бұны көрмеген индивидтің түсінігіне қиын сөздер мағыналарының құрылымы ерекше синтагмалық байланысқа түсіп, үйлесімділікпен тіркеседі. Алдымен, концепт, лексикалық мағына, когнитивті семасиология мәселелерін түсініп алайық. Концепт мәселесі Е.С. Кубрякова, А.П.Бабушкин, Н.Д. Арутюнова, В.А. Пищальникова, Д.И. Павленис, И.Ф. Алеференко т.б. ғалымдар еңбектерінде терең тұрғыдан қарастырылған. Ал қазақ тіл білімінде Ж.А.Манкеева, Н. Уәли, Қ. Жаманбаева, Ислам Айбарша т.б. ғалымдар зерттеулерінде сөз болады. Е.С.Федотов концептілерді төрт түрге жіктейді: когнитивтік концепт, мәдени концепт, ұлттық-мәдени концепт, лингво-мәдени концепт [Федотов, 2004, 14]. Алайда, когнитивті семасиологиядағы концепт ерекшелігі күні бүгінге дейін арнайы қарастырылған емес. Те-

неулерде сөз мағыналары бір семантикалық үйлесімділікке бағынған концептілік көрінісі байқалғандай болады. Сондықтан бұнда лексикалық мағына құрылымындағы семалар актуалданып жетекшілік қызметте бірдейлеседі. Когнитивті концепт лексикалық мағынадан ірі жүйелі құрылым түрінде көрінеді. Оның мағынадан ерекшелігін З.Д. Попова, И.А. Стернин былай көрсетеді:

Концепт қабаттардан тұрады, лексемалар семалардан тұрады;

Концепт мазмұнға ие болса, лексемалар семантикаға ие;

Концепт концептуалды белгілерден тұрса, семалар мағына компоненттері (семалардан) тұрады;

Концепт көлемді және қатаң құрылым құрамаса, семалар семалар бойынша құрылым құрайды, семантемалар семалар бойынша құрылым құрайды [Попова, Стернин, 1991, 27].

Осы екі арада екеуіне де жақын когнитивті семантика ұғымы байқалады. Мұндағы басты ерекшелік концепт сияқты бір ұғымға жинақталған сөздер емес, бір ұғымдық таным дәрежесін беру үшін сөздер мағыналары үйлесімділік жүйе, категория құрайды. Мысалы: *Мен де сол сансыз прожектордың сәулесіне шанышылған самолеттей күйге түстім* (Ә.Н.). Мұндағы танымдық деңгей дәстүрлі теңеулердей емес, өзгерген. Соғыстағы самолетке теңеген мағыналар құрылымындағы семалар әрқилы өзгерістерге түсіп барып үйлесімділік құраған. Мұндағы тілдік нормадағы үйлесімділік сәулесіне шанышылған күйге түстім сөздерінде жатыр. *Сәулеге шанышылған* сөз – синтагмасын контекстсіз түсінуге мүмкін болғанымен, *сәулесіне шанышылған күйге түстім* теңеуінде кейбір семалардың жетіспеуі теңеудің экспрессиясын жетімсіз қылып тұр. Ал контекске үнілсеңіз «*Соғысқа дейін бір қыз бетіме тіке қараса, бәшірем кететін мен байғұс аудиториядағы отыз қыздың алтыс көзі өзіме қадалғанда қалай шыдап тұрғанымды білмеймін... Сәулесіне шанышылған самолеттей күйге түстім*» таным деңгейлі, кезеңді түрде жүретін үрдіс болғандықтан, теңеудегі жаңа сөз мағынасы түсініксіздік танытуы мүмкін. Бұндағы жаңа лексемалар *прожектор*, *самолет* әсірелеу экспрессиясының орнында жұмсалып, теңеу құрауға өздерінің узуалды мағынасында жұмсалып тұр. Мұндағы изафеттік құрылым *прожектордың сәулесі* тіркесінде *прожектор*, *сәуле* гипонимдік жүйе бойынша семантикалық байланысқа түседі. Концепттің негізінде адамның жеке өмірлік тәжірибесі тұрады, яғни концепт ядросы – өмірлік тәжірибе, өмір сүру тәжірибесінен туған танымның тілдері репрезентациясы. Бұл лексикалық

мағынада эмпирикалық макрокомпоненттің үлкен, ғаламды түрі. «Соғыс» сөзінің мағынасы сондықтан әр адамда әртүрлі сезім, қабылдау, түсінік тудырады. Соғыстағы заттар мен құбылыстардың жаңаша типтерін семантикалық үйлесімділікке салу, сосын барып тілде көрсету теңеулердің жаңаша типтерін құрайды. Мысалы: *Командамен бұрылған бір взвод солдаттай; менің білегім жау танкісіне қарай көзделген зеңбірек стволындай серейіп, созылды да қалды, жау танкісімен жекпе-жек айқасуға жауапты бұйрық берген командир сөзін тыңдағандай; өйткені танктен шыққан снаряд лашындай ұшқыр келеді; жертөле тұсаулы аттай бір секіріп қалды; ми айналып жерге түсердей ыстықта ауыр жүк, қару-жарақ арқалап жорықта келе жатқандай боп, қоңырау соғылғанда басы-көзін тер жауып, болдырған зеңбірек атындай сенделектеп; мен аудиторияға емес, жаңа гана жау өртеп кеткен деревняға енгендей болдым; содан соң «алға» деген бұйрық естілгеннен кейін окоптан қарғып шығып, мойныңды ішке алып, мылтықты кездене ұстап, шабуыл дүрмегіне ілесе тайсақтай ілгері жүгірген солдаттай болып* т.т. Осындағы теңеулердің құрамындағы соғысқа байланыс-ты лексика қазақ дәстүрлі теңеулеріне арал

л а с - қан күйде қолданылады. Сөз мағынасының құрылымындағы коннотаттық бөліктің экспрессемасы актуалданып, сезімдік-бағалауыштық қасиеті жоғалады. Мысалы: *снаряд лашындай ұшқыр, жертөле тұсаулы аттай; қару-жарақ арқалап жорықта келе жатқандай, жау өртеп кеткен деревняға енгендей* т.т. Мұнда, мәселен, лашынның «құс» заттық бөлігі мүлде байқалмай, оның сигнификаттық макробөлігі «тез, ұшқыр» теңеу құрамына ауысып, бейнелілік беріп тұр. Сондай-ақ, бейнелілік «*жау өртеген деревня, болдырған зеңбірек атындай сенделектеу, тайсақтай ілгері жүгірген солдаттай* т.б.» теңеулерден орын алған. Синтагмалық қатынас сөздердің бірін-бірі мағынасы бойынша қабылдауы, сосын барып үйлесімділікпен тұрақталып қалуынан анық көрінеді. Егер мағыналық үйлесімділік орнамаса, күрделі сөз тұтасымдары бір концептілік мәнде келмес еді. Сонымен қатар, теңеулердің синтагматикасындағы ұлттық ментальдық ерекшелікті ескеруге тиіспіз, яғни «тұсаулы аттай, лашындай ұшқыр, болдырған атындай» т.т. теңеулерде қазақ тіліндегі ұлттық мәдени көріністерінің бекігені айқын аңғарылады. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Әр тілдегі сөздер аралығындағы байланыстар – жеке өзіндік, тек осы тілге ғана тән болады», – дейді [Попова, Стернин, 1985, 101]. Сонымен қатар, син-

тагматикалық қатынасты құраушы гнесиологиялық бейне, яғни таным көрсеткіші. Гнесиологиялық бейненің негізінде ойлау мен эмоция жатады, сол себепті таным теңеулерден өзгермелі қасиетінен көрінеді. Ұлттық ментальдық (діл) ерекшелігінің танымнан туған жаңа ерекше қырларының астарында жатқан сөздердің үйлесе тіркесуі. Бұл тіркесу синтаксистік тіркесу емес, үйлесу, сәйкес келу, басқаша айтқанда, бір сөздің мағыналық құрылымындағы ірі семалық бөліктің басқа семалармен актуалданып байланысуы. Актуалдану контекске тәуелді деңгейде жүреді. Міне, осы жерден когнитивті лингвистика мен когнитивті семасиологиялық байланыстан көрінеді. Түсіндіру, ұғындыру бір тілдік тұлғаның деңгейінде жүзеге асқандықтан, концептінің құрамындағы теңеулер немесе басқа сөздер үйлесім-діліктен көрініп мағыналық құрылым құрайды. Жоғарыда келтірген «сансыз прожектордың сәулесіне шаншылған самолеттей күйге түстім» теңеуіндегі танымдық үрдісті автор мән-мәтін негізінде концептілік ой-суретпен түсіндіреді. «Созғысқа дейін бір қыз бетіме тіке қараса, бәжіреп кететін мен байзұс аудиторияда отыз қыздың алтыс көзі өзіме қадалғанда қалай шыдап тұрғанымды білмеймін... Түнде майдан шебіне жсау самолети келіп қалғанда прожекторлардың қараңғы аспанды қатарласа тілгілеп, жерден жарқ етіп көтерілгендей найзағай сәулелерінің бірі алыста жсүйткіп бара жатқан ақ ноқатты шалатын. Самолет-ноқат прожектор сәулесінен тез сытылып кету үшін жанталаса сасқалаптап, олай бір, бұлай бір бұлтаратын. Бірақ қанша қашқанымен, қараңғы аспанның қабатына кіріп, жасырынып қалуға мұршасын келтірмей, барлық прожекторлардың сәулесі лезде тұс-тұстан шаншылып қадалып қалатын. Сол кезде жерден атылған зенитке ақыры шөкім-шөкім ақ бұлт болып, бұрқ-бұрқ етіп, жсау самолетінің жанынан жарыла бастайтын... Мен де сол сансыз прожектордың сәулесіне шаншылған самолеттей күйге түстім» [Ө.Н.]. Автор бұлай түсіндіруге «мәжбүрлеп» отырған екі жағдай, бірінші таным деңгейі, екінші таным деңгейіндегі үрдістердің кезеңді жүзеге асуы. Бұл концептің кіші бөлшегі болып тұрған теңеудегі синтагмалық қатынастағы семантикалық үйлесімділік мысалдардан көрінеді: 1. Самолет бұлтару – моделі; Самолет қашу, сасқалақтау; 2. Сәуле қадау, шаншылу; 3. Прожектордың сәулесіне шаншылған самолет. «Самолет» сөзіндегі денотат «ұшатын құрал, зат», теңеуде бұл мағыналық көрсеткіш басты емес. Олай болса «ұшқысы келетін», яғни көтеріңкі көңіл-күй

көрінер еді. Мұндағы басты «қашу, сасу, бұлтару» етістіктерінің мағыналары жетекшілікке ие болып тұр. Сонымен, қорыта келгенде, концепт когнитивті лингвистика үлесінде, яғни оның өрістік моделі өте кең. Концептінің ядросы сезімдік-танымдық бейне болады. Ол адамның жеке тәжірибесі негізінде қалыптасады. Ядро айналасында деректі, дерексіз әртүрлі белгілер қабаттары бар. Бұл қабаттардың саны мен сапасы тілдік тұлға тіліндегі дәстүрлі, ұлттық мәдени аспектілерге байланысты болады.

Өрістің шетінде соған жақын әртүрлі белгі-лерге сүйенген сөздер мен сөз құрылымдары орналасады. Өріс фрейм, бейне т.б. концептуалды белгілердің құрылымдық сипаты бойынша түзілген. Ал когнитивті семасиологиядағы мағына құрылымы сөздермен байланыста келген сипат тұрғысынан талданады. Адамның жеке өмірлік тәжірибесі (эмпирикалық макрокомпонент) контекст (функционалды-стилистикалық макрокомпонент) бөліктері лексикалық мағынада актуалданып, жүйелік байланысқа түседі. Сондықтан когнитивті семасиологияда жеке сөздің лексикалық мағынасы емес, мән-мәтіндік деңгейдегі синтагмалық, парадигмалық мағыналар ерекшелігі қарастырылады. Когнитивті лингвистикада концептуалды белгілер кеңінен сөз болса, когнитивті семасиологияда танымдық мағынаның үйлесімділігі, семемалардың семаларының бірбірімен мән-мәтін деңгейінде ұштаса байланысуы қарастырылады. Теңеудегі когнитивтілік синтагматикалық байланысты құрайтын семантикалық үйлесімділіктен байқалады. Когнитивті семасиология енді ғана сөз бола бастаған күрделі болашақ мәселесі, сол себепті оның қазақ тіл білімінде бағдарлы зерттелуі келешектегі киелі сұрақтарының бірі.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики // Проблемы структурной лингвистики. М., 1971.
2. Злобин А.М. Использование теории фреймов в сопоставительном исследовании лексико-семантических группировок слов //Лингвистика на исходе XX века: Т. 1. М., 1995.
3. Федотов Е.С. Функционирование и формирование концептов (на материале русского, английского и французского языков). Канд. дис. Саратов, 2004.